



ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ – НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ

Құрметті әріптестер! Қымбатты студенттер!
Баршаңызды Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Наурыз – іргесі сәгілмес бірліктің берекесі, ырысы төгілмес тірліктің мерекесі. Самарқанның көк тасы жібіген, қасиетті бұл мейрам, тек көктемнің алғашқы айы ғана емес, ол тіршілік атаулының жаңарып, жер бетінің қайта оянатын, гүлденетін шағы. Тынысын кеңінен ашып, алып таулардан сығалаған күннің көзі, Жер-Ананың буынын босатын, жеміс пен көк атаулының бүршік жаратын, мал төлдеп, ел берекеге қарық болатын шақ. Жылғалардан су ағып, аулаларды тазартып, жас нарестенің тұсауын кесетін, асауды бағындыратын, осы бір кез – Тіршілік атаулының бастауы іспетті.

Наурыз көптеген халықтардың дәстүрлі мейрамы ретінде, бағзы замандардан тойланып келеді. Бұл мерекенің дінге, не болмаса жекелеген ұлттарға еш қатысы жоқ. Қазақ халқы «Наурыз тойын» өткен ғасырларда өте үлкен мейрам ретінде, дабыралы өткізген. Бүгінде оның дәстүрлі әдебиеті мен мәде-

ниеті, әдет-ғұрпы, салт-санасы, өткен тарихы, бүгінгі мен болашағы көгенкөз жас буын ұрпаққа үгіттеліп келеді. Шығыс халықтарына ортақ мерекесі болған, өз-Наурыз – бірліктің, татулықтың, ізгіліктің, бақыттың мерекесі саналады.

Бүгінгі қиын-қыстау заманда, көршілес елдердің құбылып, аумалы-төкпелі күн кешіп жатқан шағында, ел бірлігі мен Мемлекет бірегейлігін сақтап қалу – өте маңызды! Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы өз құттықтауында:

– Әз Наурыз табиғатты түлетіп, тіршілікке нәр береді, жаңару мен жаңғыруға үндейді. Мен күні кеше ғана халыққа Жолдауымды жариялап, Жаңа Қазақстанды құруға жол ашатын маңызды бастамалар ұсындым., – дей отыра, Қазір аумалы-төкпелі кезең болып тұр. Геосаяси ахуал күннен күнге ушыға түсуде. Оның салқыны белгілі себептерге байланысты Қазақстанға да тиеді. Бірақ, біз

бағдарымыздан айнамай, көздеген мақсатымызға қалайда жетеміз. Сол үшін бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, жұмыла жұмыс істеуіміз керек, – деп, ел тұтастығын сақтау керектігін баса айтты.

Наурыз – ақтың молаятын, Жарықтың ұзаратын, Нұрдың молығатын, Тіршіліктің жаңаратын, Өмірдің жаңғыратын, Пейілдің түзелетін, Көңілдің кеңітін шағы. Ежелден жаңарту мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы болған – өз-Наурыз, қажырлы еңбектеріңізге толағай табыстар әкелсін. Ел тыныш, туған жер аман болып, арайлап атқан әрбір таң шат көңіл, бақыт және береке сыйласын. Ақ мол, жыл ырысты болсын!

Дария Пернешқызы Қожамжарова,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
университетінің Басқарма Төрағасы-Ректор



Жаңа Қазақстан – Дала демократиясының бірегей мұрагері

Күні бүгін ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Парламент қабырғасында саяси реформалар жөнінде халыққа кезекті жолдауын арнады. Бүгінгі жолдаудың маңызы айрықша. Мемлекет басшысы өз сөзін: **«Біз бұл өзгерістерді жұртқа жақсы көріну үшін жасамаймыз. Қағаз бетінде ғана жүзеге асырылған, бірақ шындыққа еш жанаспайтын жалған табыстарға масаттанып отыратын заман келмеске кетті»**, – деп бастады. Иә, Қасым-Жомарт Кемелұлының бұл сөзінде үлкен саяси салмақ жатқанын айқын аңғарамыз. Бүгінгі заманның келбеті басқа, мақсаты айқын. Себебі, бүгінгі дәуір сөздің емес, нақты істің уақыты екендігін анық көрсетуде. Ұлы Абай сипаттағандай:

*Әркімді заман сүйрепек,
Заманды қай жан билемек?*

дегендей, жаһандық замана келбетінің ағымы бөлек, аламан ерек. Бүгінгі дәуірдің тарихи болмысы Жаңа Қазақстанның болашағын ойландырмай, толғандырмай қоймасы анық.

Жолдауда осыған сәйкес қайта құрудың басты 10 бағыты айқындалды. Бұл бағыттардың саяси мәні терең. Халық үніне құлақ асатын тетіктердің негізін қалау, шынайы демократияланған мемлекеттің саяси тұжырымдамасын саралау.

Президент Сайлау өткізу жүйесін жетілдіру қажет екендігін де баса айтты. Бұл туралы: **«Біз осыдан 15 жыл бұрын конституциялық реформа аясында мәжіліс депутаттарын пропорционалды тәсілмен сайлауға көштік. Ал 2018 жылдан бастап мәслихат депутаттарын да осы үлгімен сайлайтын болдық. Бұл қадамдар еліміздегі партиялық жүйені дамытуға тың серпін берді. Алайда оның жағымсыз тұстары да байқалды. Партияда жоқ азаматтар мәжіліске ғана емес жергілікті өкілді органдарға да сайлана алмайтын болды. Мұны ашық мойындауымыз қажет. Соның салдарынан халықтың сайлау науқанына қызығушылығы күрт төмендеді»** деді. Саяси реформада көтерілген тағы бір мәселе, Президент туыстарының лауазымды қызмет атқаруына тыйым салу туралы: **«Мемлекет басшысы барлық азаматтар үшін тең мүмкіндіктердің мызғымас кепілі болуы керек. Сондықтан Президенттің жақын туыстары үшін мемлекеттік саяси қызметшілер мен квазимемлекеттік секторда**

жетекші лауазымдарды атқаруға заңнамалық тыйым салынады», – деп шешім қабылдады.

Қасым-Жомарт Кемелұлы Саяси жаңғыру болмаса, елімізді орнықты дамыту мүмкін емес екенін баса назарға алды. Өз сөзінде: **«Халыққа қажетті реформаларды жүзеге асыру – менің мемлекет басшысы ретіндегі басты міндетім. Саяси жаңғыру болмаса, елімізді орнықты дамыту, ауқымды әлеуметтік-экономикалық өзгеріс жасау мүмкін емес. Бұл – анық нәрсе»**, – деді.

Ұлттық рухымызды асқақтатып, елдіктің еңсесін көтеретін, тарихи санамызды түлететін жағымды жаңалық – Президент өз жолдауында жаңа облыстардың пайда болуын идеологиялық тұрғыда көтерді. Атап айтқанда, Абай, Ұлытау, Жетісу облыстарын құруды тапсырды. Осылардың ішінде күллі Түркі тарихының ұйытқысына айналған – Ұлытау. Ұлытау – тарихи санамыздағы ірі сілкіністер орын алған қасиетті мекен. Ұлытау – ұлы даламыздың кіндігі. Баһадүр бабаларымыз бен данагөй кемеңгерлеріміздің ұйысқан ошағы. Кешегі Ер Едігелер атой салған қастерлі мекен. Мемлекет басшысының бұл шешімі қазақ руханияты үшін іргелі бетбұрыстың негізі десек артық айтқандық емес. Саяси реформада көтерілген ілкімді, рухани мәселенің бірі – Алматы облысының

орталығы Қапшағайда орналасуы керектігі және дәл осы Қапшағайға қазақтың дара тұлғасы Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың атын беру ұсынысы түссе қолдайтынын атап өтті. Бұл ұлт руханияты мен идеологиямыз үшін тарихи маңызы бар уақиға болды.

Мемлекет басшысының жолдауында негізгі айтар түйінді ойы Қазақстанды жаңғыртуға келіп тірелді. Бірақ ел жаңару үшін өзіміз жаңаруымыз керек. Ол үшін рухани тұрғыдан Тәуелсіздіктің қадірін біліп, саяси салқындылық пен байыпты белсенділік керек. Өйткені даңышпан кезінде:

*Біріңді қазақ, бірің дос
Көрмесең, істің бәрі бос,* –

деген еді. Президент өз жолдауында өте ауқымды мәселелерді қозғап «Мен үшін Қазақстанның Тәуелсіздігі» бәрінен қымбат дей келе дала демократиясының бірегей мұрагеріне айналған Жаңа Қазақстанды бірге өркендетуге шақырды.

**Д.П.Қожамжарова,
М.Әуезов атындағы ОҚУ Басқарма
Төрағасы-Ректор**



ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН

Президентіміздің Жолдауындағы «Адал еңбек, озық білім және үздік тәжірибе әрдайым жоғары бағаланады» деген сөзінің мәні үлкен. Осы орайда, Абайдың әйгілі «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңіндегі «Та-лап, еңбек, терең ой, қанағат, рахым ойлап қой, бес асыл іс білсеңіз» деген пікірімен ұштасып отырғаны байқалады.

Заман талабына сай болашақ білімді әрі кәсіби құзыретті маман даярлау арқылы еліміздің экономикасын, мәдениетін жоғарылатуға септігін тигізеді. Себебі осы Жолдау міндеттері орындалып, тегеурінді басымдықтар жүзеге асқан жағдайда елдің тұрмысы түзеліп, жағдайымыздың жақсаратынына сенеміз. Жолдау – жастардың бойында азаматтық позицияны арттырып, патриоттық сезімді оятты, жастарды осы қоғамға бейімдеп, келешекте өзінің отанына, қоғамдағы әлеуметтік жағдайларға бей-жай қарамай оған өзіндік үлесін қосуға шақырды және халыққа жылылық пен сенім сыйлады!

«Жаңа Қазақстан – жаңару мен жаңғыру жолы, бүгінгі буынның болашақ ұрпаққа аманаты», ендеше қуатты Жаңа Қазақстанды бірге құрып, елдің әл-ауқатын жақсарту үшін, білім және ғылым жолында жемісті жұмыс істеуге, болашағымыздың іргесін нықтауға міндеттейді.

**Кәсіптік оқыту кафедрасының меңгерушісі,
П.ғ.д., профессор Жолдасбекова Сауле
Абдразаховна**



Новый Казахстан: ПУТЬ ОБНОВЛЕНИЯ И МОДЕРНИЗАЦИИ

Обсуждая послание Президента РК «Новый Казахстан: путь обновления и модернизации» народу Казахстана, хочется сказать о позитивной оценке введения Конституционного Суда в РК. Его введение действительно способно расширить доступ народа к правосудию, усилить конституционный контроль за обеспечением верховенства Конституции, осуществляя соблюдение строгого соответствия всех нормативных правовых актов Конституции, реализуя ее непосредственное действие на территории Республики Казахстан.



Очевидно, что введение Конституционного Суда обусловлено укреплением демократической основы государства через усиление законности, правопорядка, т.е. со стороны Президента четко и однозначно просле-

живается системное, последовательное принятие мер, направленных на обеспечение защиты законных прав и интересов граждан.

Введение Конституционного Суда не предполагает отмену Конституционно-

го Совета как единственного органа по толкованию Конституции РК, осуществляющего надзор за конституционностью принимаемых в стране законов. В настоящее время по Конституции РК у граждан нет права на обращение в Конституционный Совет, даже если граждане подверглись ущемлению, нарушению своих конституционных прав. Правом обращения в Конституционный Совет обладают Президент, председатель Сената и председатель Мажилиса, группа депутатов не менее одной пятой по количеству от общего числа депутатов парламента, Премьер-министр и суды Республики Казахстан, но суды только исключительно в случае ущемления конституционно закрепленных прав и свобод человека и гражданина нормативным правовым актом. Как видим, право граждан на обращение в Конституционный Совет на законодательном уровне имеет ограничение, обусловленное достаточностью тех субъектов, которые наделены правом на обращение к нему как к органу, обеспечивающему верховенство Конституции РК и не являющимся органом правосудия.

В данной связи при расширении де-бюрократизации государственного аппарата управления введение Конституционного Суда с обеспечением его институциональной независимости как одного из высших органов государственной власти, паритетном порядке его формирования, в полной мере будет реально способствовать усилению защиты конституционных прав и свобод граждан, обеспечивая усиление конституционной законности. Такая перспектива не может не радовать.

Поддерживая инициативу Президента РК о создании Конституционного Суда РК, следует еще раз подчеркнуть, что такое решение принято очень своевременно для повышения эффективной защиты законных прав и свобод граждан.

**Д.ю.н., профессор кафедры
Уголовного права и уголовного
процесса ЮКУ им. М. Ауэзова
Мицкая Елена Владимировна**

М.Әуезов атындағы ОҚУ профессор-оқытушылары салауатты өмір салтын қалыптастыруға атсалысуда



Жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру және денсаулық мәселесі өте маңызды ғана емес, сонымен қатар, негізгі мәселе болып табылады. Денсаулық – адамның жұмысқа қабілеттілігі мен үйлесімді дамуының маңызды факторы. Адам денсаулығы мәселесіне, ежелгі дәуірден бастап, атақты философтарды ерекше ден қойып отырған. Денсаулық, нормалар мен патологиялар туралы ойлана отырып, денсаулық өмір салтына байланысты екенін байқаған. Міне, олардың біздің заманымызға дейін жеткен нақыл сөздері: «Денсаулығын бақылайтын адам кез – келген дәрігерден жақсы» (Сократ), «Егер сіз сау болған кезде жүгірмесеңіз, онда ауырған кезде жүгіруге тура келеді» (Гораций), «Денсаулық – бұл бізде бар ең мықты байлық!» (Гиппократ), «Сұлулық пен денсаулықтың пропорционалдылығы тек ғылым мен өнер саласындағы білімді ғана емес, сонымен қатар өмір бойы жаттығулар мен гимнастикамен айналысуды қажет етеді» (Платон), «Бас аман болса, бөрік табылады» (Қорқыт Ата), «Адам денесінің жетілуі – оның денсаулығы; егер денің сау болса, онда оны сақтамақ керек, ал егер сау болмаса, онда денсаулықты жетілдіру керек» (Әл-Фараби), «Көп жасау – деннің саулығы, бақытты болу – адамның өз қолындағы ісі» (А. М. Кирхенштейн).

Спорт сау адамдар өмірінің маңызды бөлігі болып қала береді және оларға ұзақ жылдар бойы бейқам өмір ғана емес, сонымен қатар, көптеген жағымды эмоциялар береді. Біз барлық жерде, күн сайын жастар арасында ұлы спортшылардың, чемпионат пен олимпиада жүлдегерлерінің, сондай-ақ, біздің оқытушылар мен қызметкерлердің үлгісінде «салауатты өмір салтын» үнемі насихаттауға тиіспіз.

Жоғарыда айтылған ойларға сабақтастыра отырып, көпшілік назарына, «салауатты өмір салтына» қалыптастыру мақса-

тына тікелей ат салысып отырған, «Академик» клубының тарихы мен қазіргі таңда атқарып жатқан істері жайында қысқаша мәлімет берейін. Өткен ғасырдың 70-ші жылдары, Қазақ химия-технологиялық институтының құрылыс факультетінің жас оқытушылары – ғылым кандидаттары Ақболат Ахметов, Нұрболат Мұраталин және де аға оқытушы Ергеш Махмудов жиналып, футбол жанкүйерлері клубын ұйымдастырды. Клуб «Академик» деп аталды. Бұл бастаманы дене шынықтыру кафедрасы меңгерушісі Мадияр Спандияров қолдаған болатын.

Клуб КазХТИ оқытушылары мен қызметкерлері арасында футбол жанкүйерлерін тауып, «Академик» Шымкент қаласы тұрғындары арасында қысқа мерзімде белгілі болып, басқада мекемелерден жанкүйерлер клубқа келе бастады. Солардың ішінде политехникум оқытушысы Валериан Намды атап өту керек (қалада оны барлық футболға жақын адам жай «Валера» деп білетін).

Мадияр Спандияровтың көмегі және сол кездегі институт проректоры Василий Михайлович Кирилиннің қолдауымен «Академик» клубына жаттығу үшін институттың спорт кешенінде

үлкен спорт зал бөлініп, аптасына үш рет жиналуға уақыт берілді (зейнеткерлікке шыққан соң В.М.Кирилин «Академик» клубының қатарына қосылып, клуб жұмыстарына белсенді қатысты).

Қарқынды түрде спорттық кеңістіктен өз орнын ала бастаған «Академик» клубы, сол кездегі бүкілодақтық «Мы и мяч» конкурсына қатысып, 1986 жылы ЖОО оқушылары мен қызметкерлері арасында футболды дамытуда белсенді жұмыс жүргізгені үшін кәсіподақтың ерікті спорт қоғамының футбол Федерациясының мадақтама-сымен марапатталды. Сонымен

қатар, бүкілодақтың апталық «Футбол-Хоккей» газетіндегі (№1, 05.01.1986ж.) мақалада «Академик» футбол клубының белсенділігі аталып өтілді.

Шымкент қаласында және облысымызда «Академик» клубына сол кезеңдегі Облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Нұрдаулет Сәрсеновтің өзі футбол жанкүйері бола отырып, қаланың Орталық стадионында бірнеше жолдастық кездесу өткізуге көмектесті. 1985 жылдың қазан айында «Академик» және облыстық комсомол ұжымының құрама

командасы Алматы қаласында «Қайрат» командасының ардагерлерімен жолдастық кездесу өткізді. «Қайрат» құрамында Қазақстан футболының аңызына айналған Тимур Сегізбаев, Сейілда Байшаков, Құрбан Бердиев және басқа да белгілі футболшылар болды.

Өткен жылдарда клуб құрамы жаңа мүшелермен толықтырылды. Ардагерлерді ауыстыруға жас оқытушылар мен қызметкерлер келе бастады. «Академик» клубының қатарында жүрген кездерінде, салауатты өмір салты мен ғылымды ұштастырып жүрген жиырмадан астам оқытушы диссертациясын ойдағыдай қорғап, ғылым кандидаты атағын алды. Ал клуб ардагерлері Ф.Е.Алтынбеков, А.Р.Ахметов және И.С.Бровко ғылыми докторлық диссертация қорғап, профессор атағына ие болды. «Академик» клубының ұйдастырушыларының бірі – Ақболат Раимбекович Ахметов облыстық футбол Федерациясының мүшелігіне сайланды. Ақболат Раимбекович ұяшықты бетондар бойынша Қазақстанда және ТМД мемлекеттерінде белгілі ғалым бола тұрып, «Профессор қолжазбалары» еңбегін жазып, оның бір тарауын «Академик» клубына арнаған болатын.

Өкінішке орай, өткен жылдарда клуб біраз мүшелерін жоғалтты. Ал клубтың қазіргі мүшелері өздерінің көшбасшыларын ұмытпады. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің басшыларының қолдаумен «Академик» футбол клубының ардагерлеріне арналған шағын футболдан турнирлер үнемі өткізіліп тұрады. Бұл турнирлерге бұрыннан бері достық қарым-қатынастары бар қаладағы белгілі ардагер футболшылар қатысып келеді.

2020 жылы «Академик» футбол клубының 40-жылдық мерейтойын атап өту жоспарланған болатын. Өкінішке орай, дүниежүзілік пандемия індеті мұндай мүмкіндік бермеді. Дегенмен, Шымкент қаласындағы спорт тіршілігі өз кезегімен жалғасуда. Тиісті мекемелер рұқсатымен түрлі жарастар ұйымдастырылып келеді. Жарыстарды өткізу кезінде барлық санитарлық-эпидемиологиялық тәртіп талаптары сақталуда. Ерекше атап өтуге болатыны, Шымкент қаласының ЛЛФ – ФЖЛ (Лига любителей футбола – Футбол жанкүйерлер лигасы) әуесқой футболшылар арасындағы шағын футболдан жарыстар. Барлық ойындардың нәтижелері ЛЛФ – ФЖЛ сайтында жарияланып отырады. Осы жарыстар аясында «Академик» клубы барлық турнирлерге келесі категориялар бойынша қатысуда: 40, 50 және 60 жастан асқандар үшін. Ойындар сенбі немесе жексенбі күндері өтуіне байланысты «Академик» клубының мүшелері негізгі жұмыстарына нұқсансыз қатысуға мүмкіндігі бар.

Аталған шағын футбол жарыстарына қатысушылардан белсенділік танытқан ойыншыларды атап өтуге болады.

Олар 40 жастан асқандар ішінде - т.ғ.к., студенттерге қызмет көрсету орталығының директоры Болысбек А., т.ғ.к., «Технологиялық машиналармен жабдықтар» кафедрасының доценті Байысбай Ө., «Сапа» зертханасының инженері Әлжанов Қ.; 50 жастан асқандар ішінде – ғылым кандидаттары, «Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасының доценті Алдияров Ж., «Автоматтандыру, телекоммуникация және басқару» кафедрасының меңгерушісі Мұсабеков А. Ал 60 жастан асқандар ішінде – ғылым кандидаттары, «Мемлекет және құқық теориясы» кафедрасының доценті Нұртазин Е., «Механика және машинажасау» кафедрасының доценті Серікбаев Б., «Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасының инженері Бейсенбаев Қ. Осындай іс-шараларға қатыса отырып «Академик» клубының мүшелері жастарға, бірінші кезекте М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің студенттеріне, салаутты өмір салтын қалыптастыруда жақсы үлгі көрсетуде.

Жоғарыда аталған клуб мүшелері арасынан техника ғылымдарының кандидаты Болысбек Айдар Әлібекұлын ерекше атап өткен жөн болады. Болысбек А. «Химиялық инженерия және биотехнология» Жоғары мектебінің деканы қызметін атқарған кезде, орынбасары Байысбай Өмірбекпен бірге жоғары мектеп студенттері және оқытушылары арасында үнемі жарыс ұйымдастырып отырған. Соның ішінде шағын футболдан қысқы демалыс кезінде жылда өтетін «Декан кубогы» жарысы студенттер арасында көпшілікке танымал болып кетті.

2022 жылдың 12 наурызында «Механика және мұнайгаз ісі» факультеті «Академик» футбол клубымен біргелісіп, осы бастаманы жалғастыра отырып, «Механика және машинажасау» кафедрасының доценті, «Академик» футбол клубының ардагері Болатжан Ермаханұлы Серікбаевтың 65-жас мерейтойына арнап, шағын футболдан жарыс өткізді. Жарысқа ММГ факультетінің екі командасы (1-ші курс «Avangard» және 2-ші курс «Сұңқар» құрамалары) және екі ардагерлер командасы («Академик ОҚУ» және «Академик-Механик») қатысты. Жарысты М.Әуезов атындағы ОҚУ тәрбие жұмысы бойынша проректоры С.А.Мәжинбеков ашып, мерейтой иесін университет басшылары атынан құттықтады. Сонымен қатар, Б.Е.Серікбаевқа өз тілектерін университет кәсіподағының төрағасы Қ.Мұсабеков, МЖМГ факультеті деканы Ж.Серікұлы, «Механика және машинажасау» кафедрасы менгерушісі Д.С.Мырзалиев білдірді. Іс-шараны жүргізуші - «Автоматтандыру, телекоммуникация және басқару» кафедрасының аға оқытушысы Д.Тургенбаев «Академик» клубының ұйымдастырушыларының бірі – Ақболат Раимбекович Ахметовтың қатысушыларға құттықтау хатын, отбасылық жағдайына байланысты өзі келе алмауы себебінен, оқып берді. Жарысқа төрешілік

жасаған - «Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасының профессоры, ғылым докторы И.С.Бровко бірінші болып алаңға студенттер командаларын шақырды. Ойын 2-ші курс студенттерінің басымдылығымен аяқталды. Екінші ойында университет және факультет ардагерлері кездесті. Тартысты өткен ойын 5-4 есебімен «Академик ОҚУ» командасының жеңісімен аяқталды. Шешуші ойында студенттер мен ардагерлер кездесті. Бұл ойын 4-4 есебімен қызу және тартысты аяқталып, жеңімпазды анықтау үшін 7-метрлік пенальтилер белгіленді. Пенальти нәтижесі бойынша жарысты «Академик ОҚУ» командасы жеңіп алды.

Жарыс нәтижесі бойынша үздік ойыншылар анықталып, сыйлықтар тапсырылды. Студенттер арасындағы үздіктер: қақпашы – Мәмен Әділет (ММГ-20-3тк тобы), қорғаушы – Көбей Азамат (ММГ-20-1к1), шабуылшы – Әлайдар Бекзат (ММГ-20-3тк), сұрмерген – Сейітжаппаров Арман (ММГ-20-8к). Ардагерлер арасынан қақпашы - «Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасының инженері Бейсенбаев Қ., қорғаушы – «Маркетинг және кәсіптік бағдарлау» бөлімінің басшысы Отарбаев Н., шабуылшы – ғылыми зерттеулер департаментінің директоры Абшенов Х., «Механика және машинажасау» кафедрасының аға оқытушысы Жұмалиев Б. үздіктер қатарынан көрінді.

Іс-шара достық шай ішумен аяқталды, онда ардагерлер «Академиктің» өткен ойындары туралы естеліктерімен бөлісті.

Бүгінгі таңда, өз тәуелсіздігін алған егеменді еліміз салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында Қазақстан жоғары оқу орындарында жан-жақты дамыған, денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын мұрат еткен дара тұлғаларды тәрбиелеуді басты талап ретінде қойып отыр. Егемен еліміздің болашағы – жастар. Қоғамда болып жатқан, жаман әдеттерден бойын аулақтап, төзімділік, табандылық танытқан, адамгершілік құндылықтарын бағалай білген жанның келешегі кемел, өмірі мәнді болмақ. Дүниенің қызығы мен тамашасы сол. Сондықтан, осындай іс-шаралар мен «Академик» клубының үлгісі, өзінің сабақтастығымен, өз құрамының жарықтығымен, жас көрсеткіштерімен жастарды ғана емес, университетіміздің жас оқытушыларын да салауатты өмір салтына тәрбиелеуге және тартуға көмектеседі деп үміттенеміз. Аталған үлгілер қатары келешек егемендіктің кілтін ұстар жастардың болашағына апаратын алтын сұрлеу болады деп сенеміз!

«Механика және машинажасау» кафедрасы менгерушісі, т.ғ.к., доцент Мырзалиев Д.С.



Наурыз - жыл басы

Қазақ халқы, ежелден, ерте көктемнің шығуын асыға күткен. Қыстан аман-есен шығып, қар еріп, күн мен түннің теңелген шағында, Әз-Наурыз мерекесін тойлаған.



Қазақ қоғамында, Наурыз мерекесінің алар орны ерекше болған. «Самарқанның көк тасы еріген күн», «Қазақтың жаңа жылы», «Ұлыстың ұлы күні» аталуының да, өзіндік бірнеше аңыздары бар. Солардың бірін тілге тиек етіп өтейік.

Самарқан билеушісі Ақсақ Темір, патша болып тұрған заманда, оның аты шартарапқа жайылған, көздің жауын алатын көгілдір түстес "лазурит" тасы болған екен. Айбарынан жан баласы сескенетін патша бірде мынадай үкім шығарады:

«Осы тас жібiген уақытта мен де баршаңа кеңшілік танытып, өлім жазасына кесілген тұтқындардан бастап, барлығыңа еркіндік сыйлап, отыз күн ойын қырық күн тойын жасаймын», - дейді. Арада айлар мен жылдар өте келе, күн мен түннің теңелген шағында әлгі тас ортасынан қақ бөлініпті деседі. Патша әмірі екі етілмей, сол сәттен бастап ел арасында бұл күн айрықша атап өтіліп, «Самарқанның көк тасы жібiген күн» дейтін тіркес содан қалған екен.

Тағы бір аңызда: «Бұл мейрамның алғашқы үш күнінде, жер мен көктің арасынан ерекше гуіл естіледі. Бұл дыбысты ең алғаш болып жануар атаулы-

дан тек жұмақтан шыққан қой естиді», - деседі.

Наурыз келуімен тіршілікке жан бітеді. Жүректен шыққан сезімдер, қарды жарып шыққан бәйшешектер құлпырып, жылғалардан аққан бұлақтар тіршілікке нәр беріп, жан-жақтың бәрі гүлдейтін шақ та осы - әз-Наурыз. Мейрам хабаршысы ретінде, ерте көктемде ең алғаш жылы жақтан қайтатын құс - Наурызек құсы. Наным бойынша, Наурызек келгеннен кейін күн жылынып, айтарлықтай боран, суық болмайды.

Наурыз келгенде, ағайын жұрт түгелдей бас қосып, береке-бірлік бұзылмасын деген ниетпен бүкіл ауыл бір қазанға ас пісіріп, дәм татқан. Қариялар батасын беріп, жылдың берекелі болуын тілеп, құрбандық шалатын. Думанға толы мерекенің негізгі мәзірі - Наурыз көже. Келер жылғы молшылықтың жоралғысы ретінде, наурыз тойында әрбір шаңырақта міндетті түрде әзірленген. Халықтық дәстүр бойынша, оған бидай, тары, сүр ет, бұршақ, сүт, су, тұз сияқты, кем дегенде, жеті түрлі дәм қосылуы тиіс. Тіпті, өзара өкпе-наз, жанжалдасып жүрген жандар да, Наурызда төс қағысып тауласқан. Өкпе ренішті ескі жылдың еншісінде қалдырып, бір-бірін сыйлы қонақ етіп, бо-



сағадан аттаған дұшпандарын да бұл күні сыйлы қонағы етіп, тарту-таралғымен шығарып салатын болған. Жастар арасында бәйге, балуандар күресі, қой көтеру сынды сайыстар, тіпті, ақсақалдар күресі сынды сайыстар ұйымдастырып, көңіл көтерген. Наурыз көжеге, наурызға арналып сойылған малдың кәделі асына, «Наурыз бата» берілген соң, жиналған халық: «ұлыс оң болсын, ақ мол болсын» деген тілек айтып тарқасады.

Алайда думан мұнымен аяқталмақ емес. Кешкісін жастар жағы алтыбақанда бас қосып, қыз-бозбала жиналып көңіл көтереді. Ақсүйек, қыз қуу ойнап, алтыбақан теуіп, домбырамен таңға дейін жыр-дастандар жырлаған.

Қазіргі кезде де, қазақ даласында «Наурыз тойы» ерекше аталып өтіледі. Әсіресе, ауылдық жерлерде көптеген дәстүрлер мұрты бұзылмай сақталған. Қазақтың бас ақыны Абай атамның өзі, "Жазғұтыры" өленінде

осы бір көріністерді әсем сипаттап көрсеткен.

P.S. Біз М.Әуезов атындағы ОҚУ ұжымы мен газет ұжымы барша Қазақстандықтарды Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймыз. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!!!

Таңсық Дінмұхаммед

Елімізді мекендеген бүкіл халықтың, ұлт пен ұлыстың сағынып күтетін ортақ мерекесі – «Наурыз» да келіп жетті. Әр жыл сайын «Наурыз мерекесі» жаңа мазмұнмен, жарасымды сән-салтанатымен түрлене түсуде. Күн мен түннің теңеліп, жан-дүниені тірілкен, шаруаның бір малы екеу болып, арқа-басы кеңіп, қыстан аман шықтыққанына қуана, алдағы күндерден үміттендірген, әз-Наурыз – ежелден, халықтық мереке екені баршаға аян.

ҚОШ КЕЛДІҢ, ӘЗ-НАУРЫЗ!



Ұлыстың Ұлы мерекесі «Студенттер үйінде» ерекше тойланды. Филология факультетінің №1 Студенттер үйінде, ФИ-21-1ікі, ФИ-19-2р1, ФИ-19-2р2, ФИ-19-2р3 топтары студенттерінің ұйымдастыруымен, «Қош келдің, әз Наурыз!» тақырыбында, Наурыз мерекесі тойланып өтті. Студенттердің бұл мерекеді барша ұлттық-дәстүрлермен таныстыра отырып, жан-жақты әзірленгендері байқалды. Мерекелік кешті, факультет деканы, ф.ғ.к., доцент Ыбырайым Әзімхан Оразбайұлы құттықтау сөзімен ашып, Наурыз мерекесі Қазақстанда қай жылдан бері тойланып келе жатқандығына тоқталды. Наурыздың елімізде алғаш қалай тойланғандығы жайлы қысқаша айтып берді. Мерекелік кешке шақырылған қонақтар қатарында кафедра меңгерушілері Б.Т.Тасболатов, А.К.Турабаева, С.Е.Қалдықөзовалар болды. Аталған іс-шараны факультет деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Сайлаубеков, аға оқытушылар Т.Сариева, Г.Сералиева, М.Рысбаевалар ұйымдастырды. Мерекелік кеш түрлі бағытта сайыс арқылы, салт-дәстүрден көрініс, білімділер сайысымен жалғасып отырды.

Музыкалық сүйемелдеумен ән орындалып, домбырамен күмбірлеген күй де тартылды. Студенттер ұлттық нақышта киініп, барша

көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Залға жиналған көпшілік қазақтың қыз ұзату салтындағы көрінісін журналистика мамандығында оқитын 1 курс студенттерінің сахналық қойылымы арқылы тамашалады. Наурыз мерекесіне орай ұлттық тағамдар әзірленген дастарқан жайылып, «Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!» деген тілектермен бірге наурыз көже таратылды. Топтар арасында екі командаға бөлініп, арнайы жарыс ұйымдастырылды. Әділқазылар тарапынан қатысушылар ұпай сандары бойынша бағаланып отырды. Жарыс соңында жеңімпаздар командасы анықталды. Сонымен бірге ұлттық киім киінген студенттерге де арнайы баға берілді. Студенттер арасында бірі өзінің арнау өлеңдерін оқыса, енді бірі домбырадан күй шертіп, енді бірі мың бұрала билеп, көпшілікті өздеріне тәнті ете білді. Тапқырлық бойынша білім жағынан сынға түсіп, өзара бақ сынасқан білімгерлер анықталды. Барша қатысушылар мерекелік кешті ұйымдастырушыларға алғысын білдірді. Кештің соңы студенттердің музыкалық концертіне ұласты.

Турабаева А.К.
кафедра меңгерушісі, ф.ғ.к, доцент

Қош келдің, Ұлыстың ұлы күні - Әз-Наурыз!



Наурыз – табиғат жаңаруының, жаңа үміттің және қуаныштың мейрамы, мұсылманша жыл басы. Наурыз мерекесі – әлемнің ең көне мерекелерінің бірі. Орта Азия халықтарында бес мың жыл бойы аталып өтілуде. «Наурыз» сөзі парсы тілінен аударғанда «Жаңа күн» деген мағынаны береді. Бір қызығы осы атауды, ата-бабаларымыз – «Қызылбастың наурызы» деп айтқан, себебі, қызылбас-Иран, бұрынғы Парсы елінің қазіргі атауы. Ол кезде бабаларымыз наурыз емес, Амал деген. Бұл – қалың қыстан аман-есен шығып, күн нұрына бөленіп, жаңа жылды қарсы алу мерекесі. Наурыз мерекесінде көріскен жандар, бір-бірін құшақ жая қарсы алып, игі тілектер айтады. Қазақ халқы бұл күні дүниеге келген қызбалаларға – Наурыз, Наурызгүл, Наурызжан, ер балаларға – Наурызбай, Наурызбек, Наурызхан деген есім берген.

Мерекенің туу тарихы турасында талас көп, ғалымдардың кейбіреулері, «Наурыздың» нақты тарихы тереңде жатыр, ол өзінің бастауын мұсылмандыққа дейінгі заманнан алады десе, ал басқалары Парсы патшасының жорықтарымен байланыстырып жүр. Қазақ халқы бұрынғы көне заманнан бастап, өте үлкен мейрам ретінде дабыралы өткізген. Қазіргі кезде «Наурыз мерекесі» – 1991 жылы 15 наурызда, Қазақ ССР Президентінің қаулысының негізінде мемлекеттік мәртебеге ие болды. Елбасы наурыз айының 22 жұлдызын – «Наурыз мейрамы» деп жариялады. 2009 жылдың 24 сәуірінде ҚР Президентінің қаулысымен наурыз айының 21, 22, 23 күндеріне «Наурыз мейрамы» деген мәртебе берілді.

М.Әуезов атындағы ОҚУ әскери кафедрасында, студенттермен бірлесе, дәстүрлі Наурыз мейрамы тойланып өткізіледі. Бұл іс-шара әскери кафедрасының әкімшілігі мен профессор-оқытушы құрамы және оқу шеберлерімен ұйымдастырылып, әскери кафедра базасында жүргізіледі.

Іс-шараның мақсаты: жастарды қазақ халқының салт дәстүрлерін, ұлттық әдет-ғұрыптарымен, халық әндерімен, ұлттық киімдерімен, ойындарымен таныстыру және құрмет көрсету болып табылады.

Профессор-оқытушы құрамы мен оқу шеберлері, келген қонақтарды және студенттерді ұлттық киімдерімен күтіп алып іс-шараны бастады. Бұл іс-шарада студенттердің қатысуымен – концерттер, әскери кафедра ұжымдары мен студенттердің дайындаған театрландырылған қойылымдар, дәстүрлі мерекелік тағамдар (палау, бауырсақ, Наурыз көже және т.б.) дайындалатын аспаздық турнирлер, ұлттық спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастырылды.

Дайындалған бағдарламаны қарастыратын болсақ, онда 101 оқу взводының студенттері ұлттық әндерді шырқап, қонақтардың және әскери кафедра ұжымының көңілдерін көтерді, ал 202 оқу взводы өз өнерлерін қысқа сахналық театрландырылған қойылымдар көрсетті. Ұлттық ойындарда барлық оқу взводтары қатысып жеңімпаз атақтарға ие болды, атап кететін болсақ, тас көтеруден 204 оқу взводы жеңімпаз болды, арқар тартудан 211 оқу взводты, аударыспақтан 501 оқу взводты жеңістерге қол жеткізді. Аспаздық турнирлерде әскери кафедра оқу шеберлері жеңіске жетті. Ауа райына қарамастан мейрам өте көңілді өткізілді. Іс-шараның соңында жайылған дастарханға, барлық қатысқан әскери кафедра студенттері, ұжымы және қонақтары дәм тәтті, оның ішінде арнайы әзірленген тағам «Наурыз көже»



барлық қатысушыларға ұнады. Қорытындылай келетін болсақ, мұндай дәстүрлі мерекені жылдан жылға аталып өткізе берілісін, жастардың отанға сүйгіштік қасиеті артып, нағыз патриоттар болып тәрбиеленсін. Мереке құтты болсын!

Құрманәлі Қайрат Саинұлы, «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕАҚ әскери кафедрасының оқытушысы, педагогика және психология магистрі, запастағы аға лейтенант



Сахнадағы Жібек әсері

«10.03-14.03.2022 жылдар аралығында, Шымкент шаһарымызда, ең талантты, фактуралы өнерпаздардан құралған Елордамыздың «Жастар театры» өнер көрсетеді», – деген ақпаратты қалт жібермей, сағат 19:00 де Ж.Шанин атындағы, қазақ академиялық драма театрына, алғашқы қойылымды тамашалауға келдік. Мюзиклдің режиссері Ғ.Мүсіреповтің нұсқасындағы, классикалық «Қыз Жібекке» шығармашылық эксперимент жасапты. Сахнада үш бөліктен тұратын, шамамен, биіктігі 3 метрдей роликті ағаш-декорация, ақ және қызыл түсті маталар, үлкен шеберлікпен қолданылып, қажетті эпизодтарда жарықтың беріліп отыруы, қойылымды жай ғана безендірді.



Мюзиклдің музыкалық безендірілуінде, қазақ халық әндерін, академиялық орындау мен эстрадалық музыкалық аспаптардың синтездік байланысын да байқадық. Қос ғашықтың серттесіп, бір-біріне деген құштарлық, ынты-зырлық құбылысты бастан кешу сәтінің (балғын романтика), күлгін түсті жарықпен үйлесуі, алдыңғы эпизодтар әсерінен, ойнақы көңілде отырған көрерменді, бірден, сабасына түсіріп, ерекше күйге бөледі (жан-жарымен, сүйіктісімен келгендер көздерін, Жібек пен Төлегеннен алуға шамасы келмесе де, бір-бірінің қолын іздеп, таба алмағандар құшақтап жіберіп, көздеріне ыстық алғандарына куә болып отырдық). Бұл музыкалық интеллекті еңбегінің жемісі, яғни, домбырамыздың жалғыз ішекте-ақ орындалған керекті дыбыстарының гармониясы болмаса, сүйкімді көрініс толыққанды шықпас еді.

Басты кейіпкердің той алды дайындығын көрсетуде, Құрманғазының заманауи өңдеудегі «Ақсақ киік» күйінің қолданылуы, күй атауына күмәнмен қарауға итермейді.

Трагедияның, ең соңындағы барлығын жылатқан қайғылы сәт арқылы, режиссер фильмнің әсерін беруге тырысқан сияқты.

Театр әртістері, сыншылары айтып жататындай, мюзикл десе есімізге Шымкентте ең бірінші мюзикл қойып, роликті декорациямен, пластикамен жұмыс жасау мектебін ендірген, театр режиссері, педагогі, «Қазақстанның халық әртісі» Е.Оразымбетов еріксіз еске түседі. Бүгінгі қойылым осы мұраның жаңғыруы сияқты.

Театр пердесі жабылып, қайта ашылғанша, ауясыз қол соғып тұрған көрерменді тыныштандыру да оңай болма-



ды. Бүгінгі ерекше кешке мұрындық болған азаматтарға, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Басқарма төрағасы-ректоры Д.П.Қожамжароваға да сөз берілді. Университет басшысы группа еңбегіне өте жоғары баға беріп, құрмет гүлдерін ұсынды. Қожамжарова Дария апай, Бекежан рөлін сомдаған Бекжан есімді актерді танып, шәкірт пен оқытушы сахнада қауышып, құшақтар айқасып, күшті эмоциялар сайрап жатты. Туындыны модерн-өңдеуден өткізген автор, залдағы бұқараның кері байланысына үлкен ризашылығын білдіруде толқып кетті.

Болған іске сыншы көп. Қойылым аяқталған соң, тәжірибелі кәсіби актриса тарапынан айтылған «мюзикл шулы болды» - деген пікірді құлағымыз шалып қалды. Түні бойы ойланудың нысанына айналған бұл позиция орынды деп санаймыз. Жоғарыда айтылғандай алтын қордағы классикалық туынды, шығармашылық тәжірибе пікір тугызбай қоймайды. Жастар театры ұсынған «Жібектің» заманауи трансформациясында, актерлердің жеткізу мәнерлерінің, дыбыстардың шулы болуы, жаңа ырғақтың әсерінен болса керек. Ал картина қоюшысының бұлай жасауы, аудитория сұранысына бағдарланғандық, яғни, пандемия жағдайында театрға баруды сиретіп алған көрермен, әсіресе, түпнұсқадағы «Қыз Жібекті» білмейтін кісілермен, мәдени құндылықтарымызбен танысып үлгермеген жас азаматтармен кино тілінде жақын сөйлесіп, театрға шақыру деп ойлаймыз. Біз классикалық «Қыз Жібекті» жаңа «Қыз Жібекпен» салыстырып баға беруден аулақпыз.

Білім алушыларымызға, мюзиклдің әсер етуі – жаңа талғам қалыптастырады деп санаймыз!



Мәдениет және спорт факультеті, «Мәдени және әлеуметтік жұмыс» кафедрасының оқушысы Х.Ж.Смағұл



МАҚСАТ ЖОЛЫНДА

Қарапайым алмаз пен брилланттың бағасында, жер мен көктің арасындай айырмашылық бар. Екеуі де бағалы тастар. Ал, айырмашылығы неде, дейсіз ғой?! Бірі – өңделген, ал, бірі – шикізат!

Міне, дәл сол секілді, әрбір, білім алушы ұстаз өз білмін шыңдап, жетілдіруі тиіс. М.Әуезов университетінде, білім алуға, барлық жағдай жасалынған. Оқытушылар жүйелі түрде, біліктілікті жетілдіру курстары мен мамандық бойынша форумдар мен көрмелерге қатысса, білім алушылар түрлі сайыстар мен көрмелерге қатысады. Көрмеге барған ұстаздар шабыттанады, ал еске лең ұрпақ, үлгі алып, өмірлік мақсатына деген ұмтылысы арта түседі.

Тізіп айтар болсақ, «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасында «Мәдени мұра» атты, Халықаралық суретші-педагогтар симпозиумы, «Тәуелсіздікке 30 жыл!» көрмесі, «Қазан» натюрмортшылар сайысы, «Көшпелілер өркениетінің өрнегі» көрмесі, ЖОО аралық дизайнерлер конкурсы, т.б. көптеген іс-шаралар ұйымдастырылды.

Сонымен қатар студенттер, көптеген, халықаралық, онлайн конкурстарға қаты-



сып, жүдделі орындарға ие болды. Яғни, біз ұстанған бағыт айналамыздағы болып жатқан, өзгерістер мен өркениетті дамыту жолында, тұғыры биік ел құруға өз үлесін қосады деп сенеміз!

Зиялы адамның, зиялы болуы – зиялы, мәнді ой таратуында. Біз, өнер адамы ретінде – халыққа жақсы әсер, сезім, үздік талғам мен эстетикалық тәрбиені насихаттаймыз және соған шәкірттерімізді де үйретудеміз. Көркемдік білімнің ең басты мақсаты осыда деп білеміз!

Қазіргі уақыттағы, әрбіріміздің, жасап жатқан іс-әрекетіміз, ертеңгі күні өніп шығуы міндетті. Яғни, бүгін не отырғызған болсақ, ертеңгі күні, әрине, оның жемісін аламыз. Ойлап көрейік, қандай ұрық өсіріп жатырмыз? Бүгінгі таңдағы, көпшілік жастардың өзекті мәселесінің бірі – мақсатын білмеуінде! Мақсат дегеніміз – жоғары оқу орнына түсу, университетті тәмәмдап, тұрмыс құру, ақша табу, көлек алу, немесе т.б. материалдық қажеттіліктерге қол жеткізу ғана емес. Сіз жақсы көлік алып, жұмысты болған-

дығыңыздан кейін ше? Мақсат мәнді де ауқымды болуы керек! Мысалы, мақсат қою жайында топпен әңгіме сабағында білім алушы: «Менің мақсатым – елімізге, жұртымызға пайдасы тиетін азамат болу. Өнер саласына азды-көпті өзімнің үлесімді қосу. Бұл мақсатқа жету үшін, өмірімді арнауға дайынмын. Бұл мақсат бір немесе екі жылда болатын мақсат емес, өмірі бойы еңбегінді талап ететін және қоғамға пайдасы бар мақсат. Ойымды қорыта келіп, санамдағы түрлі мәселелерді жинақы айтар болсам, сіз үшін ең жақсы тәжірибе күніңізді мақсатпен бастау; Ең жақсы емтихан нәтижемен ұйқыға жату. Әрбіріңізге мақсатты жолыңыздың жемісті әрі табысты болуын тілеймін!!!» - деді.

**Мәдениет және спорт факультеті,
«Бейнелеу өнері және дизайн»
кафедрасы, МС-18-10к тобы
студенті Сатанова Жұлдыз,
аға оқытушы Рсмаханбетова
Шахризада Еркінқызы**



Ұлттық рух – ұлттық бірегейлік пен тұтастық өзегі

Қазақ руханиятында зерделенген, өмірлік ұстанымдарға айналған, елдік, ар-намыс, қайырымдылық, жауапкершілік, кішіпейілділік, төзім, қанағат, мейірімділік сынды ізгі қасиеттер, ұрпаққа үйретіліп отырған адал еңбек тұжырымы – ұлттық бірегейліктің негізгі тұтқасы. Осы құндылықтар арқылы қазақ отбасында, қоғамдық бірлік, түсінік, қайырымдылық сынды қасиеттер, әлі күнге дейін, сақталып келеді. Тарихтағы қазақ қоғамының тыныс-тіршілігінен түйеріміз, өскен ортасына сенетін адам – қоғамға да сенеді, мемлекетін өз үйіндей сақтайды.



Ұлттық рух – ұрпақтан-ұрпаққа, бабадан немереге, әкеден балаға өтетін тағылым, яғни, кісілік өнеге. Қазақ елі тарихта бұған ерекше мән берген. Қазақ ұлты және оның зиялылары заман талабына сай ел мүддесіне қызмет ету талабының өзгеріп отыратындығын терең білген. Сол себепті, қоғам тарапынан қашан да ұлттық бірегейлікке ерекше мән беріліп отырған. Адамзат өркениеті биіктеген сайын, қоғамның құрылысы да өзгере бастайды. Әлемде болып жатқан, жаңалықтар, адамзат қоғамына ықпалын тигізбей қоймайды. Әлемдік өркениет өрісінде, мемлекет өзінің дербестігін сақтап қалуы, яғни, нығайуы үшін қоғамдық ортада, мемлекеттің ішкі өмірінде ұлттық бірегейлік сақталуы қажет.

Ұлттық бірегейліктің түп-тамыры – отбасындағы ұлттық дәстүрде жатыр. Қазақ

халқының ұлттық құндылығы – оның тарихи қызметінде, дәстүрдің тарихи қызметі – әрбір шаңырақтың аясында, ұрпақты тәрбиелеп шығарған тұтас ұғымда, ел мүддесіне негізделген ортақ ұстаным мен ортақ мақсатта жатыр. Қазақ қоғамында салт-дәстүр – біріктіруші, жалғастырушы, бірегейлікті сақтап, қорғап отыратын дүние. Ол отбасындағы бірліктен бастап, ұлттық бірегейлікті негіздеуден құралған. Отбасындағы тәрбие салт-дәстүрге бағынса, ұлттық дәстүр – реттеуші, сақтаушы, қалыптастыру, жалғастыру қызметіне ие. Ұлттық дәстүрін терістеп, құндылығын тереңнен ұғына білмеген, дін мен дәстүрді бір-біріне қарсы қоятын ұрпақ, өскен ортасынан іштей де, сырттай да оқшауланады. Дәстүрден іштей алшақтауда адамның қоғамынан, мемлекетінен іштей өгейленуі, жаттануы бар.

Қоғамда ұлттық бірегейлік болмаса, азаматтық бірегейлік, кісілік, ұрпақтың ішінде тұлғалық бірегейлік болмайды. Тұлғалық деңгейдің өзі ұлттық және азаматтық бірегейлік арқылы көрінеді. Мұны қазақ жыраулары, толғауларында – жарастық деп атаған. Ұлттық бірегейліктің негізгі белгілері – ұлттық дәстүр, ұлттық тәрбие, ата діннің таза күйінде сақталуы, тарих, ұлт мәдениетінің әлеуметтік өрісіне айналған шешендік, ұлттық өнер түрлері, туысқандық дәстүр, тәртіп, тазалық, қоғамда, отбасында ұлттық құндылықтардың тегістей сақталуы, заман талабына сай бейімделу, білімді болу, ғылымның мемлекетке тигізер пайдасын ел болып бағалау.

Ұлттық бірегейлікке күш беретін зиялылардың, тұлғалық бірегейлігінің негізгі белгілеріне тоқталар болсақ, олар ұлттық

сана, ұлтжандылық, елдік, ауызбіршілік, ержүректілік, батырлық, төзімділік, сауаттылық, шынайылық, туралық, адалдық, тазалық, тәртіптілік, қабілет, білік, естілік, кісілік және т.б. Жоғарыда айтып өткеніміздей, ұлттың да, зиялылардың да тұлғалық қалыптасуында тарихты, тарих тағылымын, тәжірибесін білу, ұғыну бар. Тарихсыз бірегейлік болмайды. Мемлекеттің негізгі құндылықтары – ғасырлар бойы қалыптасатын дүние. Ұлттық бірегейлік, қазақ қоғамында, әр адамның, осы құндылықтарды бойына сіңіруіне негізделеді. Әрбір ұлттың ұлттық қасиеттері, ұлттық тәрбиеге байланысты дамып, қалыптасуы тиіс.

**Шойбекова Ақбота Абайқызы,
М.Әуезов атындағы ОҚУ,
«Мемлекеттік тілді оқыту»
кафедрасының оқытушысы.**



Жеке тұлғаның ішкі жан дүниесі қалыптасуына, қоғам руханиятының даму деңгейі мен салт-санасы ықпал етеді. Болашағынан ел үміт күтетін азаматтың өнегелі тәрбиесі – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін жете меңгерген, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті терең түсінетін шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу – өмір талабы. Мәдениетті, білімді адам өзінің кәсіптік, дүниетанымдық деңгейін ұлттық мәдениетпен ұштастыра білуі тиіс. Адамдардың бойында қалыптасқан қадір-қасиеттер рухани құндылықтарға, ал адамдардың қолымен жасалған тұтыну заттары мен кәсібі материалды құндылықтарға жатады. Ұлттық құндылықтарды іріктеп, оқыту процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, отбасында да, мектепте де ұлтжандалылық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеп шығару мақсаты көзделеді.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУ

Қазақ мәдениеті – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениет. Ол – ұлттық тәлім-тәрбиенің негізінде дамып, қалыптасты. Жалпы адамзаттық құндылық қасиеттер, ұлттық тәрбие мен ұлттық мәдениеттің дамуындағы қозғаушы күші болып табылады. Әрбір халықтың тарихы тіршілігі мен рухани тәжірибесі бар. Халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі рухани тәжірибелері арқылы, қалыптасқан тәрбиелік және дүниетанымдық көзқарастарын, біз, халық педагогикасы дейміз. Халық педагогикасы – халықтың мәдени мұрасы. Ал ұлттық тәрбие мен жалпы адамзаттық құн-

дылық қасиеттерінің мәселесі – адамзат тарихынан өн бойына ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат.

Қазіргі кезеңде мектеп табалдырығынан бастап, білім беруде ел тарихын терең қозғап, тәрбие сағаттарында қазақ зиялы қауымының еңбектерін, қоғам дамуына қосқан үлесін айтып түсіндіру арқылы, жастардың адами құндылық қасиеттерін қалыптастыра аламыз. Жалпы адамзаттық қасиеттер кісілік, сыйластық, имандылық, кішіпейілдік, кеңпейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімділігі, өнерпаздық, шешендік, елжандылық, сыпайылығы, мәдениеттілігі т.б. қасиет-

тер арқылы ерекшеленеді. Әрбір ұлттың ұлттық тәрбиеге (халық педагогикасына) байланысты дамып, қалыптасқан. Халық педагогикасы ұлттық әдебиет пен сол ұлттың салт-дәстүрінен құралады.

Ұлттық тәрбие – ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Ұлттық өнеріміздің, мәдениетіміз бен дәстүрлеріміздің алдыңғы қатарлы үлгілерін, тіліміздің орасан зор байлығын, жас-жеткіншектердің жан дүниесіне сіңіріп, сол арқылы әлемдік рухани өркениеттің шыңына шығып, нәр алу – бүгінгі күн талабының, маңызды мәселесі болып табылады. Ата-бабала-



рымыздың, сан ғасырлар бойы, ұрпағына азық болған ақыл-кеңес, өсиеттері, асыл мұрасы ұлттық рух, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ана тілі мен ұлттық мәдениетін қалыптастыру сезімін ояту – баршамыздың парызымыз. Сонда ғана ұлттық сана-сезімі толыққанды жетілген, туған тілін еркін білетін, ұлттық сипаты мен ұлттық рухын жоғалтпаған ұрпақ тәрбиелей аламыз. Ұлттық тәрбиелік білім – жас ұрпақты әсемдікті игеруге, сұлулықты сезініп, қастерлеуге, оны өз бойына дарыта білуге, яғни, эстетикалық тәрбиеге, ең бастысы рухани даму сипатына жетелейді. Ұлттық тәрбиелік білім беру арқылы, жас өскелең ұрпақты халықтың тұрмыс-сал-

ты, әдет-ғұрпымен таныстырып, адамның ішкі сезімін, жан дүниесін түсіне білуге бағыттауға ұмтыламыз. Халқымыздың сан ғасырлардан келе жатқан ұлттық мұрасын оқу-тәрбие ісімен сабақтастыра отырып тәрбиелеу, ұмыт қалған салт-дәстүр, ұлттық ерекшелігімізді насихаттап, олардың бойына ұлттық психологияны қалыптастыру – әрбір ұстаздың міндеті. Еліміздің жарқын болашағын қалыптасуы үшін, ұлттық құндылықтарды санасына терең меңгерген, білімді, инабатты жас ұрпақты тәрбиелеу, ұстаздар қауымы үшін үлкен жетістік.

Турабаева Л.К.
Ф.ғ.к., доцент





Как стать организатором мероприятий

Организатор – это человек, который организывает развлекательные, деловые и спортивные мероприятия, корпоративные праздники. Рассмотрим, какие обязанности на него возлагают, где можно получить необходимое образование для работы, общение с клиентами, поиск подрядчиков для проведения мероприятий, подготовка отчетов о проведенных мероприятиях и как сделать карьеру. Организация праздничных кооперативов, тематических рабочих вечеринок, различных конференций, обучающих тренингов – внушительная статья расходов в бюджете компании. Отказаться от них нельзя, ведь их цель – развитие бизнеса. В некоторых случаях от того, насколько успешным было мероприятие, зависит судьба предприятия.

Одна из первоочередных его задач – определение концепции будущего действия. Для этого требуются креативность, умение понять аудиторию, воплотить пожелания и достичь цели мероприятия. Учесть все это одновременно в работе весьма непросто. В основе праздника может лежать самая сумасшедшая идея. Но если при этом решаются поставленные задачи, цель оправдывает средства. Несмотря на то, что эта профессия требует творческого подхода (и, согласно частому заблуждению, даже принадлежности к богеме), в деле организации мероприятий нужна холодная голова. Ведь действия нужно будет просчитать на несколько ходов вперед. Востребованность профессии, организации мероприятий у нас в ВУЗе ЮКУ им М. Ауэзова факультет «Культура и спорт» кафедра «Культурная и социальная работа» направлений «Досуг». Эта профессия пересекается и с маркетингом, и с пиаром, и с продажами. Поэтому имеет смысл выбирать факультет «Культура и спорт» со специализацией КДР (культурно-досуговая работа).

Еще один вариант – освоить специальность продюсера или режиссера театральных представлений. Если вы не мечтаете о том, чтобы снимать большое кино, играть в театре, а будете с удовольствием организовывать корпоративные и частные праздники (там тоже есть где развернуться, был бы бюджет), это вполне подходящий вариант.

Основные задачи сводятся к планированию, непосредственно организации и проведению различных мероприятий. А вот обязанностей у организатора очень много. В частности, представитель этой профессии должен:

1. Разрабатывать концепции, программы, а также сценарии событий.
2. Готовить презентации событий и защищать свои идеи.
3. Составлять смету и контролировать бюджет, выделенный на мероприятие.
4. Искать, вести переговоры и контролировать работу субподрядчиков (как правило, это дизайнер, флорист, артисты, ведущие и другие).

5. Искать, приглашать и вести переговоры с VIP-гостями, экспертами и спикерами.
6. Писать тексты о запланированных и уже состоявшихся событиях.
7. Всячески продвигать мероприятия, тесно взаимодействуя с разными СМИ – офлайн-овыми и онлайн-овыми.
8. Координировать проведение мероприятий.

Организатор не только придумывает мероприятия, но и управляет ими. Любое событие, пусть даже самое крошечное, представляет собой плод труда нескольких человек. В задачи входит найти этих людей и организовать их взаимодействие.

Отели, бизнес-центры, рестораны, концертные агентства, турфирмы, авиакомпании, артисты, типографии, дизайнеры – это неполный список потенциальных партнеров, с которыми приходится работать. Отыскать нужного человека бывает нелегко. Поэтому профессиональные организаторы мероприятий обычно имеют свою базу контактов, которая ценится на вес золота. Кроме того, с каждым партнером нужно найти общий язык. Соответственно, коммуникативные навыки и умение работать в команде просто необходимы. Надо уметь поговорить со всеми – и с капризной звездой эстрады, и с суровым финансовым директором, и с нелюдимым разработчиком сайтов. Менять лексикон приходится по несколько раз на дню. Помимо умения ладить с людьми, должен дружить с цифрами и уметь грамотно составлять бюджет. После завершения мероприятия может потребоваться отчет с полной документацией. Бумажной работой тоже часто приходится заниматься самому. Крупные мероприятия обычно имеют большие бюджеты и проходят при участии спонсоров. Формирование и продажа спонсорских пакетов – тоже обязанность. Кроме того, многие мероприятия требуют освещения в прессе. Поэтому может также выполнять функции специалиста по связям с общественностью и заниматься привлечением медиа-спонсоров, приглашением журналистов и контролем выхода публикаций. Работать сможет

далеко не каждый. Будни организатора – это сплошные дедлайны, переработки, а также неожиданные конфликтные и стрессогенные ситуации (болезнь ведущего, в здании пропало электричество, не выполнены настройки технической аппаратуры), которые необходимо устранять в кратчайшие сроки. С учетом всего перечисленного нужно быть: активным; креативным; высококоммуникабельным; стрессоустойчивым. Кроме того, для такой работы крайне важно: обладать отличными лидерскими способностями; уметь работать в режиме мультизадачности; уметь решать нестандартные задачи. Не массовик-затейник, как многие думают. Для реализации большинства проектов приглашают артистов и ведущих. Однако организатор мероприятий должен быть готов к тому, что в любой момент что-то может пойти не так. Тогда ему нужно будет работать за себя и за того парня. Все могут оказаться в такой ситуации, что им придется самим листать слайды презентации для известного спикера или прокладывать кабель для аппаратуры. Амбиции амбициями, но необходимо всегда помнить о том, что успех мероприятия важнее громких должностей. Здесь очень важны стрессоустойчивость, умение быстро принимать решения и действовать в нестандартных ситуациях. Ключевой спикер опоздал на самолет, ведущий не пришел, в здании нет электроэнергии – форс-мажорные ситуации бесчисленны, а ответственность за все часто ложится именно на ваши плечи. Современные мероприятия требуют массы сопровождающих деталей – брошюр, сувенирной продукции, электронных материалов. Иногда организатору мероприятий приходится быть и дизайнером, и компьютерщиком, и звукорежиссером. Конечно, не всегда будет делать все своими руками. Но чтобы не произошло накладок и не терялся контроль над ситуацией, ему нужно хотя бы разбираться в основах. Тогда он сможет правильно поставить задачу поставщикам требуемых услуг. Еще одна особенность профессии: это всегда на связи. Если вы мечтаете о том, чтобы в выходные дни отключить телефон и не думать о работе, организация мероприя-

тий вряд ли будет лучшим выбором в качестве дела вашей жизни, готов ответить на любой вопрос и разрешить любую проблему в режиме 24/7, независимо от того, где он находится и чем занят. Давайте рассмотрим, кому подходит такая профессия? Это профессия для активных людей, увлеченных своим делом, которым нравится решать нестандартные задачи. Кстати, эта отрасль дает отличные возможности для установления контактов с людьми из самых разных сфер. Так что скучать не придется, и в одиночестве вы точно не останетесь. Востребованность данной профессии сегодня достаточно высока. Уровень их зарплаты практически полностью зависит от качества работы и количества принятых заказов. Кто-то чувствует себя как рыба в воде в сугубо деловой обстановке и обожает планировать конференции с солидными спикерами и серьезными темами. Другой, не может без драйва и креатива праздников. Третьему интересны театральные фестивали или фотовыставки. Кто-то получает заманчивое предложение стать продюсером престижного мероприятия (например, кинофестиваля). А кто-то отправляется в свободное плавание и открывает собственное event-агентство. Самая интересная работа и больше всего возможностей для специалиста по организации мероприятий – в event-агентствах. Диапазон тут не ограничен – от детских дней рождения до крупных деловых форумов, от свадьбы в экзотическом месте до мастер-класса иностранного гурмана. Некоторые компании сужают свою специализацию (например, только бизнес-конференцию или только праздники). Крупные игроки на рынке, как правило, имеют департаменты, отвечающие за определенный тип мероприятий. Поэтому профессия организатора досуга будет оставаться востребованной всегда. Выбирая, эту профессию вы всегда будете востребованным профессиональным специалистом.

к.п.н, Тарасенко Т.В
ЮКУ им. М. Ауэзова факультет
«Культура и спорт»,
кафедра «Культурная и
социальная работа»

Меншік иесі: Коммерциялық емес Акционерлік қоғам «М. Ауэзов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті»

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінде тіркеліп, 451-Г куәлігі берілген Астана қаласы, 10 қараша 1998ж.

Редакциялық кеңес:

Қожамжарова Дария Пернешқызы -

М.Ауэзов атындағы ОҚУ Басқарма Төрағасы-Ректор

Нұрманбетов Қайрат Энбекшиевич - бірінші проректор

Бейсенбаев Садыбек Қалмаханұлы - қоғаммен

байланыс және мәдениет жөніндегі проректор

Журналист, корреспондент: **Пернебек Манасбек**

Дизайнер: **Наиля Заббарова**

Редакция мекенжайы:

Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 5, бас ғимарат, 2 қабат, 263 каб.,
gazeta@aezov.edu.kz